

Колледждің материалдық базасы

Болашақ мамандарға сапалы білім алуға жағдай туғызу мақсатында колледждің материалдық техникалық базасы үнемі жетілдірілуде. Білімді ақпараттандыру бүгінгі таңда білім беру жүйесін жаңартудың негізгі жолдарының бірі ретінде қарастырылады. Оқу кабинеттері жаңа технологиялық, ақпараттық құралдармен жабдықталған. Колледжде 2 оқу ғимараты, 2 оқу-өндірістік шеберхана, 400 орындық жатақхана, 300 орындық акт залы, 63782 кітап қоры бар кітапхана, спорт залы, оқу кабинеттері бар. 12–интерактивті тақта, 11–мультимедиялық проекторлар, 5 – компьютерлік аудиториялар, 2-тігін шеберханасы, дәнекерлеу шеберханасы, тамақ өндіру лабораториясы, физика, химия лабораториясы, лингафондық кабинеттер және т.б жабдықталған аудиториялармен толықтырылған.

Колледж мекен жайы:
161300, Түркістан облысы,
Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы,
О.Сейдалиев көшесі № 3-үй.
Байланыс сымтетіктері: 52–478, +77751319393

**«Түлкібас агробизнес және саяхат колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2023-2024 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс
(грант) бойынша талапкерлерді
оқуға шақырады**



Т.Рысқұлов 2023ж.

Мамандықтар атауы

**07211300 – Тағам
өндірісінің
технологиясы**

**08410100 –
Ветеринария**

**07161300–
Автомобиль көлігіне
техникалық қызмет
көрсету, жөндеу және
пайдалану**

**10410300 –
Автомобиль көлігінде
тасымалдауды
ұйымдастыру және
қозғалысты басқару**

**07230100 – Тігін
өндірісі және киімдерді
үлгілеу**

**06130100 –
Бағдарламалық
қамтамасыз ету
(түрлері бойынша)**

**07130100 – Электр
жабдықтары (түрлері
және салалары
бойынша)**

**07150500 –
Дәнекерлеу ісі
(түрлері бойынша)**

**10130100 – Қонақ үй
бизнесі**

10150100 – Туризм

<http://tkait.kz/>
<https://www.youtube.com/@user-hy5dc2jk6r/featured>
<https://www.instagram.com/p/CO7pp8Ynz-C/?igshid=OTJINzQ0NWM=>

Мамандықтар атауы

07211300 – Тағам өндірісінің технологиясы.

Тамақтандыру кәсіпорындарының өнімі мен қызмет көрсету түрлеріне сұранысты зерттеу, болжау, маркетинг іс-қызметін жоспарлау, тауарлар мен қызмет көрсетуге бағаны анықтау жұмыстарын ұйымдастырады. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

07230100 – Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу

Әмбебап және арнайы тігін машиналарында техникалық талапқа сәйкес жұмыс істейді, тігін материалдары және жаңа шыққан маталармен өңдеу материалдарын ажыратып тігуді, тігін машиналарын жөндеуді, машина тігісін әртүрлі маталардан жасалған өнімдерді өңдеу жұмыстарын атқарады. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

07161300 – Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану
Автокөліктің қарапайым жүргізу, слесарлық жұмысты атқару, тексеру, бөлшектері мен агрегаттарын бұза білу, техникалық шарттарға сәйкес автокөліктің қарапайым жөндеу жұмыстарын өлшейтін құралдармен жұмыс жүргізуді атқарады. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

10410300 – Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару
Жүк тасымалдауды, коммерциялық жұмысты ұйымдастыру және қалалық бағыттарда автобустар мен жеңіл авто-таксилердің қозғалысын ұйымдастырады. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

08410100 – Ветеринария

Ауыл шаруашылық малдарының жұқпалы, ішкі жұқпайтын аурулардың алдын алу, емдеу, ветеринарлық-санитарлық іс-шараны жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

06130100 – Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)

Бағдарламашы маманы есептеуіш техника құралдарымен берілген тапсырманың орындалу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін математикалық модель мен алгоритмді талдау негізінде бағдарламаны құру, тестілеу мен өңдеу үшін дайындайды. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

07130100 – Электр жабдықтары(түрлері және салалары бойынша)

Ауыл шаруашылығы өндірісінде қолданатын электрлік жабдығының ақауын анықтау, жою, кабелдердің ақауларын жою монтаждық жұмыстарды жөндеу, жасау жұмыстарын атқарады. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

07130200 – Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)

Бақылау-өлшеу құралдарымен, электр өлшеу құралдарымен, диспетчерлік байланыс және телемеханикамен жұмыс істей алады, электрмен жабдықтау қондырғыларының жобалық-сметалық құжаттарын жасай алады. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

10130100 – Қонақ үй бизнесі.

Қонақ үй шаруашылығы мен туристік кешендерге, туристік фирмаларға қызмет көрсету, қонақ үй шаруашылығы қызметтерін болжамдау және жоспарлауды ұйымдастырады. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

10150100 –Туризм

Туристік қызмет көрсету персоналдарының жұмысын бақылау және үйлестіру. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.

07150500 – Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)

Маманның кәсіби қызметінің объектісі металл бөлшектерін отпен, электрлі доғамен дәнекерлеу мен кесу жұмыстарын атқарады және электр газымен дәнекерлеуші біліктілігі беріледі. Оқу мерзімі 3 жыл 10 ай.